

Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер сомасын облыстық бюджеттерге бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1452 Қаулысы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді пайдалану ережесі;

2) 2005 жылы жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер сомасын облыстық бюджеттерге бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгіленген тәртіппен нысаналы ағымдағы трансферттерді облыстық бюджеттерге аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың әкімдері:

1) нысаналы ағымдағы трансферттердің бөлінген сомасын уақтылы және мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін;

2) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің пайдаланылуы туралы есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1452 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске

**қосылатын денсаулық сақтау объектілерін
ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы
трансферттер пайдалану ережесі**

Осы Ереже 027 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттің қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға бөлінетін нысаналы ағымдағы трансферттерді пайдаланудың тәртібін айқындайды.

1. Нысаналы ағымдағы трансферттер облыс әкімдері ұсынатын денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға қабылдау туралы қабылдап алу комиссияларының актілері және жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау объектілерін ашу туралы шешімдері негізінде күрделі сипаттағы шығыстарды қоспағанда, жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға байланысты ағымдағы шығыстарға бөлінеді.

2. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдары объектіні пайдалануға енгізу кешіктірілген жағдайда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне тиісті қаржы жылына арналып бекітілген сома шегінде қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есеп береді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1452 қаулысымен

бекітілген

**2005 жылы жаңадан іске қосылатын денсаулық
сақтау объектілерін ұстауға облыстық бюджеттерге
берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер
сомасын бөлу**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 661 қаулысымен.

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы	107052,0
Ақтөбе облысы	20681,0
Алматы облысы	11391,0

Атырау облысы	1465,0
Жамбыл облысы	36889,0
Қарағанды облысы	5383,0
Қостанай облысы	3485,0
Қызылорда облысы	13782,0
Маңғыстау облысы	5267,0
Павлодар облысы	8709,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК